

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылға 20 сәуірдегі № 429 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 214 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 826 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.10.2024 № 826 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 33, 394-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамында:

мына:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі";

мына:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі";

мына:

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі";

мына:

"Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі";

мына:

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі
" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі";

мына:

"Жәрменов Әбдірасул Алдашұлы	-	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры"
---------------------------------	---	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Жәрменов Әбдірасул Алдашұлы	-	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпо рнының бас директоры";
---------------------------------	---	--

мына:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрі";

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі"
деген жолдар алып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин